

Стратегиялық даму жоспарының орындалуын талдау

Жалпы 2022-2023 оқу жылында балабақшада 25 педагог жұмыс атқарды:

- меңгеруші;
- 2 әдіскер;
- 1 психолог
- 1 музыка жетекшісі;
- 1 дене шынықтыру нұсқаушысы;
- 15 тәрбиеші;
- 4 бағыт бойынша маман.

2022-2023 оқу жылында жоспар бойынша 5 педагог жұмысқа қабылданды: 4 тәрбиеші (2-уі ЕҰҰ түлектері), 1 музыка жетекшісі. 2 тәрбиеші (ЕҰҰ түлектері) және музыка жетекшісі тест сынамасынан өте алмауына байланысты жұмыстан босатылды.

Педагогтер саны	Жоғарғы білім	Оның ішінде						
		Жоғары санат	I санат	II санат	Санаты жоқ	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
25	25	1	7	2	8	1	1	5
%	100%	4%	28%	8%	32%	4%	4%	20%

«Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» МКҚК педагогикалық ұжымның жұмысы 2022-2023 оқу жылында келесі мақсатты шешуге бағытталды:

Арт-терапия әдістерін қолдана отырып, балалар қиялын, шығармашылық қабілеттерін және сөздік қорларын, тілдерін, ақыл-ой белсенділігін дамыту.

Келесі міндеттер арқылы іске асырылды:

- балаларға ойын технологияларын және тіл үйретудің тиімді әдістері мен тәсілдерін қолданып, үйлесімді сөйлеу және сөйлеу қарым-қатынасын дамыту бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру;
- арт-терапия әдістері арқылы балаларда 4К моделі дағдыларын дамыту;
- педагогикалық үдерісте сауықтыру технологияларын пайдалану арқылы балалардың дене, психикалық денсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етуді жалғастыру;
- балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайта түсу.

Ағымдағы оқу жылында балабақша тәрбиеленушілері жас нормаларына сәйкес дамыды, бағдарламалық материалды зерделеді, мониторинг нәтижелері бойынша дамудың барлық бағыттары бойынша оң динамика көрсетті. Барлық балалар балабақша жағдайларына жақсы бейімделді.

Топтардағы жұмыс негізгі жылдық міндеттерге сүйене отырып және 2022-2023 оқу жылына арналған МДҰ-ның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

Балалармен жұмыс «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен» және ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары негізінде жасалған әдістемелік әзірлемелермен жүргізілді.

МЖМББС талабы Базалық оқу жоспары арқылы балабақшаның барлық топтарында жүзеге асырылды. Тәрбиелік-білім беру үрдісі келесі іс-шаралар арқылы жүзеге асырылды: ұйымдастырылған іс-әрекеттері, білім беретін орындарды базалық қамтамасыз ете отырып, балалар диагностикасына, танымдық үрдіс диагностикасына, мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау диагностикасына бағдарламалық материалдарды игеруді талдауға диагностикалық тексеріс жүргізу. Жыл бойы күн тәртібі және балалардың балалар мекемесінде болуына қойылатын барлық санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталды.

Балабақша бүлдіршіндері 2022-2023 оқу жылы ішінде қалалық, республикалық, халықаралық онлайн, офлайн өткізілген байқауларға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтсақ, «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық байқауға «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша мектепалды «Қара жорға» тобының тәрбиеленушілері Жарылқасын Санжар, Тұрғанбай Айзере I орын, Айбекұлы Даниял II орын дипломдарымен марапатталды. Республикалық «Абай оқулары» байқауында Жарылқасын Санжар I орын иеленді. «Астана дарыны, дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы» ұйымдастырған мектепалды даярлық топ түлектерінің арасында өтетін «Жұлдызды жол» интеллектуалдық олимпиадасының аудандық кезеңінде Ақтан Рақымжан II орынға ие болса, қалалық кезеңінде Грамотамен марапатталды. Республикалық «Ана, әже және мен» байқауында Саду Медина III орынды иеленді.

«Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық байқауда мектепалды «Жібек жолы» тобының тәрбиеленушілері Каширбекова Дария Бас жүлде, Өмірбай Айзере I орын, «Елорда еркетайы» қалалық би байқауында Даниярова Салтанат, Бақытжанқызы Медина, Базарова Медина, Кадирсизова Жанель, Каширбекова Дария, Қайрат Жасмин II орын және қалалық «Жас қыран» хор байқауында I орын, қалалық «Ғажайып жұлдыздар» байқауында I орын иегерлері атанды. Қалалық «Брейн-ринг» ЖЖЕ байқауына Өмірбай Айзере, Каширбекова Дария, Саржан Махамбет, Бақытжанқызы Медина және «Қара жорға» тобының тәрбиеленушісі Қосмырза Төрежан қатысып, Бас жүлдені иеленді.

Ересек «Наз» тобының тәрбиеленушілері «Астана дарыны» орталығы балалар жылына ұйымдастырған қалалық «Елорда еркетайы» байқауында II орын алып, дипломдармен марапатталды. Сәуір айында халықаралық «Бала шабыты» байқауында би жанры бойынша Гран При иеленді.

Ересек «Өнер» тобының тәрбиеленушісі Дүйсенбек Ернұр «IQ star» республикалық байқауда көркем сөз оқудан I орын иеленсе, Каримов Ерасыл Гран при иегері атанды. Халықаралық «Жан достар» байқауында ән жанры бойынша 12 тәрбиеленуші I орынға ие болды. Халықаралық «Мастер кидс» байқауында би жанры бойынша 14 бала Гран приді жеңіп алды.

Ортаңғы «Ерке сылқым» тобының тәрбиеленушілері Шаяхметова Сафия мен Қосмырза Айзере «Абай оқулары» сайысында I орынды, Халықаралық

«Бала шабыты» байқауында би жанры бойынша топ қыздары II орынды иеленді.

2023 жылдың мамыр айында «Әдістемелік орталықтың» ұйымдастыруымен мектепалды топтарымен «Біз мектепке барамыз» акциясы өткізілді. Акцияға мектепалды топтары тәрбиешілері Кулжабаева Ләззат Амалбековна мен Сағынбекова Жанар Жанбыршиевна ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетіп, «Үздік инновация технологиясы» номинациясы бойынша Сертификатпен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында әдіскер Абдикаримова Дана Базарбайевна қалалық «Мектепке дейінгі ұйымның үздік әдіскері» конкурсына қатысқаны үшін сертификат, музыка жетекшісі Асылбекова Гульнара Кариполлиновна «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық байқауына қатысып, Гран-при жүлдесін иеленді.

Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдағы арт-терапияны қолданудың әдіс-тәсілдерімен таныстыру мақсатында арт-терапия мамандарының жоспары бойынша 2022 жыл 22-қарашада ата-аналарға «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы арт-терапия» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. Арт-терапия мамандары ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шебер-сыныптар көрсетсе, педагог-психолог Ж.Оразалы ата-аналармен психологиялық тренингтер өткізді.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап «Наз» және «Шашу» топтары экологиялық жоба бойынша жұмыс атқарып келеді. Жобаның қорытындысы ретінде топ тәрбиешілері Нуранова Ж.А. мен Жусупбекова Г.Ш. ата-аналарды жүргізген жұмыс нәтижелерімен таныстырып, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетті.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті топтар ашу және арнайы мамандар (педагог-психолог, логопед-дефектолог) қабылдау жоспарланды. 2022 жылдың 29 желтоқсан айындағы №1109 Астана қаласының Білім Басқармасы бұйрығы негізінде 2023 жылдың 04 қаңтар айынан бастап ерекше білім беруге қажеттілігі бар 6 баламен инклюзивті топтар ашылып, арнайы мамандар (педагог-психолог Мухаметалина А.Н. және логопед-дефектолог Барпаяқова Ә.М.) жұмысқа қабылданды. 2023 жылдың 11 сәуір айындағы №743 Астана қаласының Білім Басқармасы бұйрығы негізінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар 9 бала 2023 жылдың 12 сәуір айынан бастап инклюзивті топтарға орналастырылды.

2023 оқу жылы «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» Астана қаласы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ кәсіби даму институты филиалымен келісім шартқа отырып, бірлесе жұмыс атқарды. «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» Астана қаласы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ кәсіби даму институты филиалының «Педагогтердің кәсіби қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу» жоспары бойынша 2023 жылдың наурыз айында «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» базасында «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудегі инновациялық тәсілдер» тақырыбында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының аға

оқытушысы Тусупова Гульмайра Умирбековнаның қатысуымен семинар, 2023 жылдың 10 маусымында «Балабақшадағы оқыту мен ұлттық тәрбиенің жаңа жолдары» атты педагогтердің біліктілігін арттырудың заманауи тәсілдерін зерттеу бойынша тәжірибе алмасуды жүзеге асыру мақсатында дөңгелек үстел өтті. Осыған орай, аталған іс-шараға спикер ретінде Білім беру бағдарламалары және курстан кейінгі қолдау департаментінің бас маманы Мәдениет Хабатұлы, Әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі білім беру бөлімінің басшысы Амирхамзина Райгуль Гильмановна, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының аға оқытушысы Тусупова Гульмайра Умирбековна және №71 «Мөлдір» балабақшасы, №47 «Ақжелкен» балабақшасы, №66 «Толағай» балабақшасы педагогтері қатысты.

Дөңгелек үстелде спикерлер балабақшадағы оқыту мен ұлттық тәрбиенің жаңа тәсілдерімен және «Action research» (Іс-әрекетті зерттеу) әдістерін қолданудың теориясымен таныстырды. Action Research – тәрбиешілерге, олардың оқытудағы рөлін тану мен түсінуге және оқыту мен оқудағы сыни тұрғыдан ойлауға көмектесетін әдіс. Сондықтан, 2023-2024 оқу жылында Action Research әдісін іс-тәжірибеге ендіру жоспарлануда.

Жоспарланған жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылында пәндік-дамыту орта, ересек және даярлық топтарында ойын, ойлау қабілетін дамытатын материалдармен, атап айтқанда, ойын-оқу құралдары «Дьенештің логикалық блоктары», Кюизенердің «Түрлі-түсті санау таяқшалары», «Фребель сыйы» жиынтығы, «Гсоконт» ойын текшесі және мектепалды топтарына жылжымалы тақта және кеңсе тауарларымен, ойыншықтармен толықтырылды. Фототерапия маманы 6 дана Canon Zoemini C фотоаппараттарымен қамтамасыз етілді. Музыка залына үлкен проекциялық экран, 2 вокалдық микрофон тірегімен және микшерный пульт орнатылды. Әдістемелік кабинет пен медбике кабинеті 3 компьютермен жабдықталды.

Қосымша білім беру «Робототехника» кабинеті 2 «LEGO Education 9090» алып жиынтығымен және «Мульти-студия» кабинеті «Я творю мир» жиынтығымен толықтырылды.

2022-2023 оқу жылында дене шынықтыру жетекшісі Мұқан Д. және тәрбиеші Сулейменова А. «Өрлеу» БАҰО АҚ 80 академиялық сағат көлемінде кәсіби біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

2022 жылы 22-27 қараша аралығында 4 педагог халықаралық оқу тәжірибесіне бағытталған «Мектепке дейінгі білім берудің заманауи технологиялары» тақырыбында өткен 72 сағаттық семинарға қатысып, Реджио-педагогика әдістерімен танысты.

2023 жылы 29-маусымда «Әдістемелік орталықтың» ұйымдастыруымен Ұстаздар аллеясында «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тұлғаны үйлесімді жан-жақты дамытуда арт-терапия әдістерін қолданудың маңыздылығы» (READx) форматында іс-шара өткізілді. Өткізілетін іс-шарада арт-терапияның үш бағыты бойынша шебер-сыныптар көрсетілді.

Балабақша меңгерушісі



А. Кусаинова